


Іскерлік белсенділік жақсарды: қызметте – сұраныс, өндірісте – еңбекпен қамту деңгейі өсті

2024 жылғы сәуірдегі іскерлік белсенділік туралы
ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі

Іскерлік белсенділік артып, **50,6** құрады. Индекстің көтерілуі қызмет көрсету секторындағы көрсеткіштің жақсаруы есебінен болды.

Қызмет көрсету секторы мен өндірісте іскерлік белсенділік индексі тиісінше **51,5** және **50,7** болып, оң аймақта қалды (наурызда – тиісінше 50,5 және 51,1). Қызмет көрсету секторында көрсеткіш, негізінен, жаңа тапсырыс көлемінің өсуі есебінен жақсарды. Ал өндірісте тауарлы-материалдық қорлардың көлемі мен жұмыспен қамту деңгейі жоғарылады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсеткіш **47,0-ге** дейін (наурыздағы 49,0-ден) төмендеді. Құрылыста, аздап өскеніне қарамастан, индекс теріс аймақта қалып, **48,5** (наурызда – 48,2) болды. Аталған секторларда жұмыспен қамту деңгейі біршама төмендегені байқалады.



Бизнес-ахуал индексі сәуірде 16,9-ға дейін көтерілді. Бизнес жүргізудің қазіргі және болашақ жағдайлары оң бағаланады. Болашақ бизнес жағдайларға қатысты оптимизм жақсарды. Бұл ретте қазіргі бизнес жағдайды бағалау біршама төмендеді. Нәтижесінде бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/ru/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>